

«Сейфуллин окулары – 18(2): « XXI ғасыр ғылымы – трансформация дәуірі» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18(2): «Наука XXI века – эпоха трансформации » - 2022.- Т.І, Ч.І. – Б.119-120

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ СЫРДАРИЯ АУДАНЫ ЖАҒДАЙЫНДА КҮРІШ АУРУЛАРЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ

Есенбекова Г.Т., PhD.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Күріш – еліміздегі дәнді дақылдардан бидайдан кейін екінші орындағы егіншіліктің алпауыт дақылы. Қазақстанда жыл сайын 300 мың тоннаға жуық күріш өндіріледі. Республикада күріш дақылын орналастыруға 230 мың гектар жер қолданылады. Бұл инженерлік-қалыптастырылған жүйенің 175 мың гектары Қызылорда облысына тиесілі.

Күріш – жармалық дақыл ретінде танылған. Республикада жармалық дақылдар үлесінің 60%-дан астамын осы дақыл иеленіп отыр. Басқа мемлекеттермен салыстырғанда елімізде жан басына шаққандағы жылына пайдаланатын күріш мөлшері төмен болып отыр. Мысалға алатын болсақ: Мьянмада бір адам жылына 186 кг күріш тұтынады екен. Одан кейінгі орындарда Таиланд, Қытай, Үнді мемлекеттері орналасқан. Кей мемлекеттер күрішпен өз мәдениеттерін ұштастырады. Елімізде жан басына шаққандағы бір жыл ішіндегі күріш тұтыну 7,5 кг-ды құрайды [1].

Қазақстанда және Ресейде күріштің кең таралған аурулары: пирикулярриоз (*Pyricularia oryzae* Cav.), альтернариоз (*Alternaria oryzae* Har. Ital), фузариоз немесе тамыр шірігі (*Fusarium oxysporum*). Күрішке әсер ететін саңырауқұлақ ауруларының ішінде ең зияндысы пирикулярриоз ауруы болып табылады. Ауруды жетілмеген саңырауқұлақ *Pyricularia oryzae* Cav. тудырады. Бұл әлем бойынша күріште таралған ең зиянды ауру [2].

Ауру байқалған жылдары өнімді жоғалту әр түрлі шкалалар бойынша 5-тен 25%-ға дейін, ал ауру бір мезгілде қатты өршіп кеткенде (эпифитотия) өнімді 60-тан 100%-ға дейін жоғалтамыз. Зияндылығы зардап шеккен өсімдіктерден алынған астық сапасының күрт төмендеуіне байланысты артады. Күріш егетін елдердің барлығында дерлік пирикулярриоз салдарынан күріш өнімінің үлкен тапшылығы байқалады. Қазақстанда пирикулярриоз ауруы алғаш рет Қызылорда облысының аймағында 1998 жылы көп деңгейде байқалды. 2006 жылы аумақтық мәліметтер бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Комитетінің тексеруі

бойынша ауру 12 мың гектарда немесе зерттелген аумақтың 30,3% анықталған [3].

Пирикулярриозбен күресудің тиімді шараларын әзірлеу үшін күріш өсірудің нақты жағдайында қоздырғыштың дамуының биологиялық ерекшеліктерін білу қажет. Іс жүзінде барлық күріш егетін елдер бұл мәселені зерттеп жатыр. Сондықтан иммунологиялық зерттеулерде төзімділік белгісінің өзгергіштігіне әсер ететін негізгі сыртқы орта факторларын білу және ескеру маңызды [4].

Күріш егістігіндегі ауруларды анықтау мақсатында визуалды және маршруттық және зертхана жағдайында сабақтың буынаралықтарын, жапырақтарын қарап 4 баллдық шкала бойынша бағалау әдістері қолданылды.

Қызылорда облысы Сырдария ауданында күріш ауруларының таралуы мен даму динамикасын мониторингтік бақылау жұмыстары нәтижесінде күріш егістігінде саңырауқұлақ қоздырушы альтернариоз және фузариозды тамыр шіріктері анықталды. Альтернариоз ауруының таралуы былтырғы 2021 жылмен салыстырғанда 1,1 % - ға, дамуы 0,2% - ға төмендеген. Орта Азия мемлекеттерінде кең таралған пирикулярриоз ауруы ауа-райының оптималды болмауына байланысты байқалмады.

Қорыта айтқанда күріш ауруларының таралуы мен дамуы кезінде оларға қарсы қолданылатын фунгицидтердің биологиялық тиімділіктері және олардың экономикалық негіздемесі жасалынды. Ауданда күріш ауруларына қарсы Колосаль, э.к., Альто Супер, 330 э.к. фунгицидтері қолданылды. Колосаль, э.к. шығын мөлшері 0,75 л/га қолданғанға дейін күріш өнімділігі 40,9 ц/га құраса, өңдегеннен кейін 53,9 ц/га құрады. Колосаль, э.к., Альто Супер, 330 э.к. фунгицидтерінің биологиялық тиімділіктері 75,0-83,0%-ды құрады. Салыстыра келе аудан бойынша бұл препараттар фузариоз бен альтернариоз ауруына қарсы жақсы нәтиже беретіні анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Жаңбырбаев Е.А. Отандық сорт шығаруға қажетті солтүстік аймақтарға бейімделген күріштің суыққа төзімді формалары мен линияларын алу: Монография. – Алматы, 2018. – 12-13 б.

2 Zhanbyrbayev Ye.A., Rysbekova A.B., Sartbayeva I.A. and Volkova S.A. / Estimation and selection of parental forms for breeding Kazakhstan salt tolerant rice varieties. Sel'skokhozyaistvennaya Biologiya. -2017.-Том 52. – Вып. 3. - С. 544 – 552.

3 Зеленский Г. Л. Борьба с пирикулярриозом риса путем создания устойчивых сортов: монография. – Краснодар: КубГАУ, 2013. – 92 с.

4 Койшыбаев М. Болезни риса в Казахстане: статья. – Астана, 2013. – 34 с. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/bolezni-risa-v-kazahstane>